

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 33 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 14-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім осы Шешімде көзделген өзгерістердің 3-тармағынан басқа, ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Шешімде көзделген өзгерістердің 3-тармағы осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға декларация толтыру тәртібі туралы нұсқаулыққа тиісті өзгерістер енгізуді көздейтін Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімі күшіне енгеннен кейін күшіне енеді.

Осы Шешімде көзделген өзгерістердің 2-тармағы "а" тармақшасының жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтарында көзделген ережелер 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын құқықтық қатынастарда қолданылады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 24 сәуірдегі
№ 33 шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Тауарларды өткізудің ерекшеліктерін сыныптауышта (2-қосымша) 115, 116, 125 және 126 коды бар позицияларда "(Беларусь Республикасын қоспағанда)" деген сөздер алып тасталсын.

2. Кедендік төлемдерді төлеу бойынша жеңілдіктер сыныптауышында (7-қосымша):

а) 1.1 кіші бөлімде:

АИ және СГ коды бар позициялар алып тасталсын;

КС коды бар позицияда "Кеден одағы Комиссиясы бекіткен ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану, соның ішінде ғарыш аппараттарын ұшыру бойынша қызметтер көрсету саласындағы халықаралық ынтымақтастық шеңберінде Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін тауарлар тізбесіне сәйкес" деген сөздер ", Еуразиялық экономикалық комиссия бекіткен тізбеге сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

ЗШ коды бар позицияда "алып қою" деген сөздер алып тасталсын;

ПЭ коды бар позиция алып тасталсын;

ВЛ коды бар позицияда "2015 жылы 300 тоннадан аспайтын және 2016 жылы 600 тоннадан аспайтын көлемде 2015 жылғы 1 шілдеден бастап қоса алғанда 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін" деген сөздер "400 тоннадан аспайтын көлемде 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын, ", кеден органдарына Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген және тауардың көлемі және осындай тауарды жеткізуді және әкелуді жүзеге асыратын ұйымдар туралы мәліметтерді қамтитын әкелінетін тауардың мақсатты тағайындалуын растауды ұсынған жағдайда" деген сөздер алып тасталсын;

ЛЭ коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"Беларусь Республикасының аумағына әкелінетін ЕАЭО СЭҚ ТН 5402 34 000 0 кодымен сыныпталатын, кілемдер мен кілем бұйымдарын өндіруге арналған полипропилендік текстурленген жіптерге қатысты 4 мың тоннадан аспайтын көлемде 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде кедендік әкелу бажын төлеуден босату	НП";
--	------

б) 3.1 кіші бөлімнің 3.1.2-тармағының, 3.2 кіші бөлімінің 3.2.1-тармағының және 3.4 кіші бөлімінің 3.4.1-тармағының ВТ коды бар позицияларында "ВТ" коды "ВР" кодымен ауыстырылсын;

в) 4.4 кіші бөлімінің 4.4.1-тармағында:

ПС коды бар позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"Ресей Федерациясына әкелінетін асыл тұқымды ірі қара малға, асыл тұқымды шошқаға, асыл тұқымды қойға, асыл тұқымды ешкіге, асыл тұқымды жылқыға, асыл тұқымды құстарға (асыл тұқымды жұмыртқаға), асыл тұқымды бұқалардан, асыл тұқымды шошқалардан, асыл тұқымды қопшқарлардан, асыл тұқымды ешкілерден, асыл тұқымды жылқылардан алынған тұқымдарға (ұрықтарға), асыл тұқымды ірі қара малдан, асыл тұқымды шошқадан, асыл тұқымды қойдан, асыл тұқымды ешкіден, асыл тұқымды жылқыдан алынған эмбриондарға қатысты ҚҚС төлеуден босату	ПС";
--	------

ПЖ коды бар позиция алып тасталсын;

г) 5.4 кіші бөлім БА коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

<p>"Егер көрсетілген тауарлар Армения Республикасынан (соның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге) көрсетілген тауарлар әкелінген күннен кейін күнтізбелік 180 күн ішінде әкетілетін болса, үшінші елдерден уәкілетті экономикалық оператор мәртебесі бар салық төлеушілер немесе Армения Республикасының Үкіметі мақұлдаған бағдарламаны іске асыратын табыс салығын төлеушілер – резиденттер тобы Армения Республикасының аумағына әкелетін тауарларға қатысты ҚҚС төлеуден босату</p>	<p>НГ</p>
<p>Егер көрсетілген тауарларды қайта өңдеу бойынша операциялар нәтижесінде алынған (қалыптасқан) тауарлар (қайта өңдеу өнімдері) Армения Республикасынан (соның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге) көрсетілген тауарлар әкелінген күннен кейін күнтізбелік 180 күн ішінде әкетілетін болса, Үшінші елдерден уәкілетті экономикалық оператор мәртебесі бар салық төлеушілер немесе Армения Республикасының Үкіметі мақұлдаған бағдарламаны іске асыратын табыс салығын төлеушілер – резиденттер тобы Армения Республикасының аумағына әкелетін тауарларға қатысты ҚҚС төлеуден босату</p>	<p>ВГ".</p>

3. Кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын құжаттардың түрлері мен мәліметтерді сыныптауыштың 9-бөлімі (8-қосымша) 09031 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

<p>"09032</p>	<p>Сүрекпен жасалған мәмілелер туралы декларация (Ресей Федерациясы үшін)".</p>
---------------	---

4. Өндіріп алу кеден органдарына жүктелген салықтардың, алымдардың және өзге де төлемдердің түрлерін сыныптауышта (9-қосымша):

а) 2.4 кіші бөлімде:

2.4.16 позиция алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2.4.18 – 2.4.20 позициялармен толықтырылсын:

<p>2.4.18. Никотинді жеткізудің электрондық жүйелері акцизі</p>	<p>4270</p>
<p>2.4.19. Никотинді жеткізудің электрондық жүйелеріне арналған сұйықтық акцизі</p>	<p>4280</p>
<p>2.4.20. Қыздыру арқылу тұтынуға арналған темекі (темекі өнімдері) акцизі</p>	<p>4290";</p>

б) 2.5 кіші бөлімде:

2.5.1-тармақта:

4172 коды бар позиция алып тасталсын;

4262 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"Никотинді жеткізудің электрондық жүйелеріне акцизді төлеу мерзімін ұзартуды ұсыну пайызы	4272
Никотинді жеткізудің электрондық жүйелеріне арналған сұйықтық акцизін төлеу мерзімін ұзартуды ұсыну пайызы	4282
Қыздыру арқылу тұтынуға арналған темекі (темекі өнімдері) акцизін төлеу мерзімін ұзартуды ұсыну пайызы	4292";

2.5.2-тармақта:

4173 коды бар позиция алып тасталсын;

4263 коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"Никотинді жеткізудің электрондық жүйелеріне акцизді бөліп төлеуді ұсыну пайызы	4273
Никотинді жеткізудің электрондық жүйелеріне арналған сұйықтық акцизін бөліп төлеуді ұсыну пайызы	4283
Қыздыру арқылу тұтынуға арналған темекі (темекі өнімдері) акцизін бөліп төлеуді ұсыну пайызы	4293";

в) 2.6 кіші бөлімде:

7024 <3> коды бар позиция "Ресей Федерациясының валюта заңнамасын және валюталық реттеу органдары актілерін бұзғаны үшін кеден органдары тағайындайтын айыппұлдарды және Ресей Федерациясының негізгі конституциялық құрылымы туралы, Ресей Федерациясының мемлекеттік билігі туралы, Ресей Федерациясының мемлекеттік қызметі туралы, Ресей Федерациясындағы сайлау және референдумдар туралы, Ресей Федерациясындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы Ресей Федерациясы заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдарды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"Ресей Федерациясының валюта заңнамасын және валюталық реттеу органдары актілерін бұзғаны үшін кеден органдары тағайындайтын айыппұлдар	7025
Ресей Федерациясының негізгі конституциялық құрылымы туралы, Ресей Федерациясының мемлекеттік билігі туралы, Ресей Федерациясының мемлекеттік қызметі туралы, Ресей Федерациясындағы сайлау және референдумдар туралы, Ресей Федерациясындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы Ресей Федерациясы заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар	7026".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК